



Донда Сенбин атындагы орта мектебі

Жас зерттеуші:

*Мәлік Аружан
Байжанқызы
4-сынып оқушысы*

Жетекшісі:

*Ирина Нұрымбетова
Нұрланқызы*

2017 оқу жылы



Пікір

Бағзы халқымыздың көшіп-қонып, жаз-жайлау, қыс-қыстауда күнелтіп жүрсе де, өзінің кір-қоңын, киім-кешегін, көрпе-жастығын мұнтаздай таза ұстауының сырын, немен тазартқанын, тазартқыш табиғи заттың құрамы туралы және сабынжасаудағы жаңа табиғи әдісті ұсынуды ұсынуы оқушының ізденімпаздығын көрсетеді. Жамбылова Айғаным ғылыми жұмыс жасауға, ізденуге қабілеті мол екенін байқатты. Айғанымның ұмыт болған тарихи деректерді ізденуі басқа оқушылардың қызығушылығын оятты.

Ізденушінің ой -оралымдары ғылыми дәлдікке негізделген, көңілге қонымды. Зерттеу ғылыми жұмыстардың талабына сай жазылған. Айғанымның ғылыми жобасы келешекте ізденулерімен толықтырылады деп сенемін.


Сынып жетекшісі: Ғ.Байғараева

Ғажайып-табиғи қара сабын



Зерттеу жұмысының мақсаты:

Ұлтымыздың сабын
жасау дәстүрін жаңғыртып,
күнделікті тұрмыста
қолдану .



Міндеті :

❑Қара сабынның пайдалану ерекшеліктерін жан-жақты мысалдар арқылы зерттей түсу;

❑Қара сабынның тазалық қасиетін қарастырып, басқа да қолданылатын жерлерін атап көрсету;

❑Қара сабынның ем-домдық қасиетін кеңінен насихаттау;

❑Қара сабынның ем-домдық қасиетін кеңінен насихаттау;

❑Тәжірибе арқылы табиғи өнімнен сабын жасау;




Зерттеудің өзектілігі:



Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев өзінің дәстүрлі Жолдауларында, оның “Нұрлы жол-болашаққа бастар жол” атты

Жолдауында еліміздің әлемдік дағдарыста тұралап қалмауы үшін өзімізде өнім өндіру импорттық өнімдерге тәуелділіктен құтылу керектігі жайында айтып, ол үшін Үкімет алдында Шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау бойынша нақты міндеттер жүктеген болатын.

Осыған орай менде болашақта өз кәсібімді осы қара сабын жасаудан бастасам деп едім.




Зерттеу жұмысының бағдарламасы:

Жоспары :

I. Кіріспе

II. Негізгі бөлім


- 1. Дені сау адам-табиғаттың ең қымбат жемісі**
 - 2. Қара сабынның жасалу жолы**
 - 3. Қара сабынның керемет қасиеті**
 - 4. Қара сабынды жасау кезіндегі ырымдар**
 - 5. Менің зерттеу тәжірибемнен**
- III. Қорытынды**



Кіріспе

– Қара сабынды – қазақтың дәстүрлі тұрмысында пайдаланады. Оның негізгі құрамы – алаботаның, сексеуілдің күлі. Онда натрий, тотықты гидрат бар. Ол жануар майымен араластырып жасалады. Мұны қазақ медицинасында ежелден балалардың, ересектердің сыртқы терілерін, киім-кешегін жууға пайдаланған. Негізінен, тері ауруы, жел-құз, ет пен терінің ортасындағы қара желге өте жақсы көмегі болған. Терідегі түрлі қышыма ауруларына ешқандай дәрі-дәрмексіз қара сабынмен ішкі киімдерін жуып, өзі шомылдырғанда-ақ жақсы болып кеткен деседі жұрт. Қара сабынды суық тигенде сылайтын май ретінде қолдануға болады, ісікке, домбыққан жарақатқа тартса, бітеу жараның іріңін сорып алады

Солардың кейбірі бүгінгі тұрмысымызда сабын жасау ісі ұмыт болып бара жатыр, сол себепті халқымыздың бұл өнерін қайта жаңарту үшін пайдалы жақтарын және өнімнің табиғи таза екенін жарнамалау арқылы күнделікті тұрмысқа еңгізсек деген оймен осы жұмысты жасауға бел будық.




1. Дені сау адам – табиғаттың ең қымбат жемісі

Адам табиғаттың перзенті, бір бөлшегі. Табиғат-адамның асыраушысы, яғни тамағы, киімі, үй-панасы, дәрі-дәрмегі. Әрбір тұтынған затымыз таза табиғи болса-деніміз сау болады. Бүгін мен сіздерге таңғажайып табиғаттан алынатын-қара сабын туралы мағұлмат бермекпін.

□ Медицина дамымаған кезде жұқпалы дертпен қалай күрескен?

□ Қазіргі дәріхана сөресінде толып тұрған дәрі-дәрмек орнына не қолданған?

- Міне, мен осы сұраққа жауап іздедім. Тапқан жауабымды сіздерге жеткізсем деп едім. Ғажайып табиғаттың сырын білген халқымыз жұқпалы дертке ем болатын және адам қажетіне жараған сабынды ерте кезден - ақ әзірлеген.





Қара сабынның жасалу жолы

Бағзы халқымыз көшіп-қонып, жаз жайлау, қыс қыстауда күнелтіп жүріп, өзінің кір-қоңын, киім-кешегін, көрпе жастығын мұнтаздай таза ұстаған. Даласы қандай таза болса, үй іші де сондай ретті, оюлы сырмағы қағулы, түскиіз, шымылдығы жуулы тұрған. Әсіресе, халық өзі қолдан жасайтын қара сабыны кірді кетірумен, емдік қасиетімен, үнемділігімен ерекше. Бүгіндері ұмыт болып бара жатқан бұл сабынды жасаудың өзі оңай шаруа емес.

Сақар - күлден шығады. Бізде мұны “Қара сабын” деп атайды. Қара сабынды жасаудың бірнеше кезеңі бар.

Әуелі сары күзде буыны пісіп, сабағы қатайған алаботаны бір жерге жинап өртейді. Кейініректе күнбағысты соғып алған соң, оның қабығын кептіріп, соның да күлін пайдаланатын болды. Алаботаның күлін суытып, кендір қалтаға салады. Әсіресе, кесек-кесек боп ұйыған күл қорытпасынан сақар көп шығады. Күлің қанша көп болса, санша жақсы, себебі, төрт-бес қалта күлден, жарты қалта сақар алынады. Қалтадағы күлді шиден жасалған шыптаның үстіне жұқа бұл жайып, айналасын кенеулеп, ойыққа төгіп, астына үлкен теген қояды, күлдің үстінен сақылдап қайнаған су құяды. Сол кезде күлдің сөлі, нәрі сумен бірге ағып, тегенеге жиналады.




Бұрынғы апаларымыз күз келсе болды алаботаны өртеп сақар жинауға ұмтылатын. Себебі жинаған сақары бір жылды бойы сабын жасауға керек еді.

Біз сабынға қажетті негіізгі қоспаны алуды үйрендік. Енді, сабынды қалай жасалатынына тоқталайық. Ауыл аймақта сабын жасау үрдісі 3-4 ақ ақжаулықтыға бұйыратын. Өйткені сабынды кез-келген адам қайната алмайды. Мұнда халқымыздың түсінігінше, сабыны дұрыс қайнамаса, тасып-төгіліп кетсе, дұрыс жасалынбаса, “Ол адамның жолы болмайды” деп пайымдаған. Жақсылыққа жорымаған. Мұндай кезде сабын жасайтын адаммаңына бөгде кісіні жолатпаған. Бұл-ырым. Оны бұлжытпай орындау өте маңызды. Әбден тазалап жуылған, майланған қазанға бір кесе сақар салсаңыз, оның үстіне дәл сол кесемен қойдың екі кесе майын қосасыз. Содан соң еппен қайнатасыз. Қазаныңыз қайнаған сайын ағаш қалақшамен үзбей араластырып отыру керек. Қазан 3 рет қайнайды. Сонда дайын болады.

- **Қара**
- **сабынның керемет**
- **қасиеті**

- Кір қонды кетіру деңгейі жоғары (майлы тағамдарды, кір киімдерді тез кетіреді)
 - Шаш тазартқыш
 - (қазақ қыздары шаштарын тез өсуі үшін қара сабынмен жуған)
- Тұмау емі (тұмауратқан адамға жұқа матаға қара сабынды сулап жағып, искеткен. Әр искегенде мұрын тез ашылған)
- Жұқпалы тері ауруының емі (қышыма, қотыр т.б ауруларға кір сабынды жағып жуған)
 - Ыдыс тазартқыш (ыдыс-аяқтарын қара сабынды суға езіп сумен жуғанда ыдыс жалтырап шығатын болған)



Қара сабынды жасау кезіндегі ырымдар

- Үйдің айналасы оңаша тыныш болған
- Дайын сабынды қатқанша ешкімге бермеген
- “Сопақша” сабынды қызмет көрсеткен қыз-келіншектерге берген
- “Бұзаушық” сабын жасап, жас аналарға берген
- Қайнап жатқан сабынды ешкімге көрсетпеген

Апамның

әңгімесінен



Сақар жас урпақ үшін әлдеқашан кесе үлгінің құлын қайнатамыз. Оны бір күн тұндырғаннан кейін сақар пайда болады. Сақар болғаннан кейін май құйып қара сабын әзірлейміз. Сақарды дәстүрлі сабынға айналдыру үшін көбінесе қойдың немесе сиырдың майын қосып қайнатамыз. Себебі олар табиғи шикізат қайнар көзі болып саналады. Ал оны қайнатудың тиісті шарттары бар», – дейді Күлжамила апа. Бұдан кейін бұл кісі сабынның әзірлену барысы туралы егжей-тегжейлі түсіндіре бастады. Сұйық май қосылса, сабынның езілгіш, тез ерігіш келетінін айтады ол. Қазан отын жағудың да өз ережесі, бабы бар көрінеді. Алғашында оттың қызуын арттырып алып,

сосын қызу ақырындап бәсеңдетіледі. Ал қазандағы сақар үздіксіз араластырылады. Дұрыс араласпаса, түбі қазанға жабысып қалады. «Жасаған сабын жақсы дайындалғанда аппақ көбік шығады. Ескеретін тағы бір жайт, сақар мен құйылатын майдың анық өлшемін сақтағанымыз абзал. Бір кесе сақарға екі кесе май құямыз. Майы көп болса, майға шашалып қалады, майы аз болса, сабын қатты болып шығады», – дейді көненің көзін сақтаушы апам.

Менің зерттеу тәжірибемнен:

Мен қара сабын туралы зерттей келе, алған ақпараттарым бойынша тәжірибе жасауға тырыстым. Жасаған тәжірибелерім нәтижелі шықты. Солардың бірнешеуімен сіздермен бөліскім келеді.

- Бірде тұмау тиіп қатты ауырған ініме қара сабынды шүберекке жағып әр 10 минут сайын искеткенде інім тұмаудан тез айықты;
- Ауылды жерде тұрғандықтан қолымыз жиі жарылатын болғандықтан қолыма қара сабынды жағып қойдым. Қолымның жарылғаны тез кетіп қалды;
- Анам үнемі қара сабынмен ыдыс-аяқтарды, дастарханды, еденді қара сабынмен жуып тұрады. Ол түрлі микробтарды кетіреді;

Қолдан жасалған сабын несімен тартымды

Бұл экологиялық таза өнім. Оның негізі-табиғи балаларға арналған сабын, глицерин, эфир майы, шөптер.

Тазартудан бөлек ол косметикалық тұрғыдан да әсер етеді.

Қолдан жасалған сабынның сыртқы пішіні де тартымды. Бұл дүкендегі ұсқынсыз, химиялық хош иісті сабын кесегі емес

Сабынды қолдан жасау барысында клиенттің қалауы мен қажеттіліктері ескеріледі. Құрамы: түс, көлемі, пішіні-барлығы да тапсырыс бойынша жасалады

Қолдан жасалған сабын жас балаларға да , жасы үлкендерге де ерекше сыйлық бола алады

Қолдан сабын жасау үшін не қажет?

- Балаларға арналған сабын
 - Майлар, шөптер, сүт, бал
 - Толықтырушылар (бояулар)

Балалар сабынын үккіштен өткізіп, су құйып қыздырамыз да, май, шөп, бояу, сүт, бал т.б қосып баяу отта қоймалжың болғанша қайнатамыз

Қорытынды

Қыстауын қыстап, жайлауда жазды өткізіп, бір жерден, бір жерге көшіп-қонып жүрсе де, халқымыз ешқашан киімін, көрпе-жастығын кірлетпей, тазалыққа аса мән берген. Салауатты өмір сүру үшін малдың сүті мен етін де тиімді пайдаланған. Қазіргі қоғамда әлем ғалымдары жылқымыздың қымызымен құртына да қызығушылық тудырып отыр. Тұрмыстық қажеттілігімізге орай өзіміздің ата бабамыздан қалған дүниелерді іске асырып, қолданысқа енгізсек нұр үстіне нұр болар еді. Үй ішін де, түскиіз, сырмағын оюмен өрнектеп қана қоймай, сонымен қатар мұнтаздай таза ұстау дағды болып қалыптасқан. Қазақ халқы майлы тағамды, етті көп жейтіндіктен, киімдері де соған сай майласып кетеді, сондықтан қара сабынды кір-қонды жақсы кетіретін қасиетіне байланысты өздері қолдан жасап, пайдаланған. Сонымен қатар қара сабынның емдік қасиеті мол. Қышыма, қотыр, бөрткен шықса, қазақ сабынымен бір-екі рет жуса жазылып кетеді. Қазіргі кейбір сабындардың әсерінен аллергия, қайызғақ түсіріп, шашты құрғатып немесе майластырып жіберетін қасиеттер қазақтың қара сабынына тән емес. Ата-бабаларымыз шаштарын сусабынсыз кәдімгі қолдан жасаған сабынмен жуған, қазақ қыздары тірсегіне төгілген қолаң шаштарын да осы сабынмен жуып, күтіп-баптап ұстаған. Осының бәрін ескере келсек түпкілікті зерттеу арқылы көптеген емдік және пайдалы жақтарын табумызға болатынына көзіміз жетеді. Сондықтан бұл ғылыми жұмыстың маңызы ерекше. Емдік және күнделікті тұрмыста қолданылу маңызына жете мән беру керектігін бүгінгі күннің талабы.



Ұсыныс

- Мектепте қолдан сабын жасау үйірмесі ашылса;
- 4-сыныптың еңбекке баулу пәніне қолдан сабын жасау әдісі ендірілсе;
- Ауыл шаруашылығында жұқпалы мал ауруы аусылды қара сабынның сақарымен емдеу қолға алынса;





Пайдаланған әдебиеттер тізімі

- “Мөлдір бұлақ” журналы № 7. 12. 2012ж
- “Алтын шырақ” журналы №11. 4. 2003ж
- Пайдалы кеңестер” журналы №4. 2009ж
- “Денсаулық” журналы №3. 1985ж
- “Емші” газеті 2002ж Шымкент қаласы
- “Ем-дом” газеті 2009ж Шымкент қаласы